

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігіҚазақстан Республикасы Еңбек  
және халықты әлеуметтік қорғау  
министрінің 2019 жылғы 13  
наурыздағы № 122 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігінде 2019  
жылғы 15 наурызда № 18395  
болып тіркелдіМинистерство труда и социальной защиты  
населения Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрі міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан  
Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін  
атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу  
туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік



кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық, 2019 жылғы 8 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының жиырма екінші абзацын, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының жетінші, алпыс алтыншы, алпыс жетінші, алпыс сегізінші, алпыс тоғызыншы, жетпісінші, жетпіс бірінші, жетпіс екінші, жетпіс үшінші, жетпіс төртінші, жетпіс бесінші, жетпіс алтыншы, жетпіс жетінші, жетпіс сегізінші, жетпіс тоғызыншы, сексенінші, сексен бірінші, сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші, сексен алтыншы, сексен жетінші, сексен сегізінші, сексен тоғызыншы, тоқсаныншы, тоқсан бірінші, тоқсан екінші, тоқсан үшінші, тоқсан төртінші, тоқсан бесінші абзацтарын, Тізбеге 13-қосымшаның 8-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі**

**Б.  
Сапарбаев**

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

цифрлық даму, қорғаныс және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2019 жылғы 13 наурыздағы  
№ 122 бұйрығына  
қосымша

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі  
міндетін атқарушының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму министрі міндетін атқарушының өзгерістер мен  
толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының Тізбесі**

1. «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11110 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында Тізбеленген құжаттарға мыналарды қоса береді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғаға төленген және міндетті зейнетақы жарналары табысынан жүзеге асырылған табыс сомалары туралы анықтама, ал дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын

адамдар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, Заңның 24-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар үшін – мемлекеттік кірістер органы берген табысы туралы құжат болған кезде;

Ұйым (кәсіпорын) таратылған жағдайда табысы туралы мәліметтер көрсетілген архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады.

Орташа айлық табыс туралы архивтік құжатты беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, орташа айлық табыстың мөлшері жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған табысқа сәйкес белгіленеді.

«Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдар Ресей Федерациясының валютасымен төленген табысы туралы жұмыс берушінің анықтамасын ұсынады (бар болса).

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсынан алады;

2) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар:

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы жоқ немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай сондай-ақ:

білімі туралы құжат;

әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

«Жапшай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама;

әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызділікті мүгедекке және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі;

Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелердің, Қазақстан Республикасы мекемелердің, халықаралық ұйымның қызметкері жұбайы (зайыбы) шетелде тұрғанын растайтын құжат;

әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат;

Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу мемлекетіндегі еңбек қызметін растайтын құжат ұсынылады.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме;

балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;

орта-кәсіптік немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы;

балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат;

балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

3) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде).»;

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Базалық зейнетақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында Тізбеленген құжаттардан басқа:

1) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарды;

2) неке туралы куәлікті (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлікті немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзіндіні (бар болса) ұсынады.

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарға (олардың болуына байланысты) мыналар жатады:

1) осы Қағидалардың 4-тармағының 2) тармақшасында көзделген, өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар;

2) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растайтын құжаттар;

балалардың туу туралы куәліктері (туу туралы актілік жазбадан үзінді немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

келесі құжаттардың біреуі (олардың болуына байланысты):

балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді;

балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;

балалардың арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не білім алғанын растайтын оқу орнының анықтамасы;

балалардың тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелген орнын растайтын құжат;

балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік (немесе қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

3) жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді.

4) бірінші топтағы мүгедекті, екінші топтағы жалғызділікті мүгедекті және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қарттарды, он алты жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден растау кезінде сот шешімін ұсыну талап етілмейді;

5) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар:

еңбек кітапшасы;

әскери билет;



қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы;

қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы;

қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері ұсынылады;

6) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде, әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

7) «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

8) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай):

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама;

сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.»;

мынадай мазмұндағы 6-2-тармақпен толықтырылсын:

«6-2. Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмаған жағдайларда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы;

міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеген кезде жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, Заңның 24-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалардың, сондай-ақ өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған дара кәсіпкерлердің және шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары және мүшелерінің (қатысушыларының) міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезеңі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының кемінде жылдық сомасын аударған жағдайда бір жылға тең болады.

Егер көрсетілген адамдар енгізген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, онда міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезең енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасына пропорционалды түрде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын 2006 жылғы 1 шілдеге дейін аударған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңіне міндетті зейнетақы жарналары аударылған айдың алдындағы ай есепке алынады.

Егер бір айда жинақтаушы зейнетақы қорларына және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүзеге асырылса, жинақтаушы жүйеге қатысу кезеңі бір айды құрайды.»;

осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес 3-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 236 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11224 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 22 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, мөлшерін есептеу (айқындау), қайта есептеу, сондай-ақ олардың жүзеге асырылу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) асыраушы – өзінің асырауындағы отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерін өз табысы есебінен асыраушы адам;

3) әлеуметтік аударымдарды төлеуші (бұдан әрі – төлеуші) – Занда айқындалған тәртіппен Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды есептеуді және төлеуді жүзеге асыратын жұмыс беруші, дара кәсіпкер, жеке практикамен айналысатын адам, сондай-ақ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлға;

4) әлеуметтік төлемдер – әлеуметтік төлемді алушының пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын төлемдер;

5) әлеуметтік төлемдерді беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, тиісті банк операцияларының түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдары, «Қазпочта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) әлеуметтік төлемді алушы (бұдан әрі – алушы) – әлеуметтік қатер басталғанға дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

7) жеке практикамен айналысатын адам – жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор;

8) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі;

9) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – асыраушысынан айырылған жағдайда, отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне әлеуметтік аударымдар жүргізілген және өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

10) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының филиалдары – Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

11) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

12) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

13) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысудың жалпы өтілі – әлеуметтік аударымдар түскен айлардың жалпы саны;

14) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы (бұдан әрі – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысы) – өзі үшін әлеуметтік аударымдар төленетін және Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар жеке тұлға;

15) міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы бақылау жөніндегі уәкілетті орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

16) уәкілетті орган – Қор қызметіне реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

17) халықты жұмыспен қамту орталығы (бұдан әрі – жұмыспен қамту орталығы) – ауданның, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды және «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларын ұйымдастыру мақсатында құратын заңды тұлға;

18) істің электрондық макеті (бұдан әрі – ІЭМ) – Мемлекеттік корпорация қалыптастыратын әлеуметтік төлем алушы ісінің электрондық макеті;

19) «электрондық үкіметтің» веб-порталы ([www.egov.kz](http://www.egov.kz)) (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Әлеуметтік қатер туындаған жағдайда әлеуметтік төлемді тағайындау өтініштің (оның ішінде электрондық) және мынадай құжаттардың негізінде жүзеге асырылады:

жеке басын куәландыратын (сәйкестендіру үшін).

Оралман мәртебесі бар адамдар әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берген жағдайда азаматтық алғанға дейін оралман куәлігін ұсынады;

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

сондай-ақ:

1) асыраушысынан айырылған жағдайда:

асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе соттың адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі;

қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы, қайтыс болған асыраушының балаларының туу туралы, асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы мүшелері он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін білім алатын немесе күндізгі оқу нысанында білім алатыны туралы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі,

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан алынған анықтамалар (жыл сайын жаңартылады);

2) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайларда:

жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы (парақтары);

дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары үшін қосымша –Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16601 болып тіркелді) Жеке шоттарын жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – Жеке шоттарын жүргізу қағидалары) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органдары берген бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы жеке шоттан үзінді көшірме;

3) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда:

баланың (балалардың) туу туралы куәлік (куәліктері) (немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан туу туралы мәліметтерді қамтыған анықтама);

қамқоршылық немесе қорғаншылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган берген баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімінен үзінді-көшірме (бір жасқа толмаған баланы (балаларды) асырап алған жағдайларда);

баланың (балалардың) қайтыс болғаны туралы куәлік (куәліктері) (немесе азаматтық хал актілерінің жазбаларынан қайтыс болғаны туралы мәліметтерді қамтыған анықтама);

4) жұмысынан айырылған жағдайда:

Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек қатынастарының бұзылғанын растайтын еңбек кітапшасы немесе жұмыс берушінің актісінен расталған үзінді-көшірмесі немесе көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжатты, баланың (балалардың) туу туралы куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін

жүргізілген), қайтыс болғаны туралы куәлігі (немесе қайтыс болғаны туралы акті жазбасынан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтамалары), балалардың тұрғылықты тұратын жерінде тіркелгенін растайтын құжаты, неке қию туралы куәлігі (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), қамқоршы белгіленгені туралы құжатты, соттың хабар-ошарсыз кетті (қайтыс болды) деп тану туралы, баланы (балаларды) асырап алу туралы шешімдерін мемлекеттік ақпараттық жүйелерде көрсетілген құжаттарда қамтылған ақпаратты растауды талап етпейді.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында Тізбеленген құжаттардан басқа өтінішке мынадай мәліметтер қоса беріледі:

1) мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алынатын:

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шоты туралы;

мемлекеттік кірістер органдарында дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы және бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы (Жеке шоттарды жүргізу қағидаларына 16-қосымшадағы нысанға сәйкес мемлекеттік кірістер органдары берген бюджетпен есеп айырысулардың жай-күйі, сондай-ақ әлеуметтік аударымдар туралы жеке шоттан үзінді көшірме) (жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда берілетін әлеуметтік төлемді тағайындауға дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, сондай-ақ шаруа немесе ферма қожалықтарының басшылары жүгінген кезде);

балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы;

асыраушының қайтыс болуы туралы (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы немесе қайтыс болды деп жариялануы) (асыраушысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін жүгінген кезде);



жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты берілген еңбекке уақытша жарамсыздық парағы туралы.

2) уәкілетті органның ақпараттық жүйесінен алынатын:

еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда – жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы;

асыраушысынан айырылған жағдайда – куәландыру жүргізу және мүгедектік тобын белгілеу туралы (он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары, оның ішінде асырап алған балалары, аға-інілері, апа-сіңлілері мен немерелері бала кезінен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер деп танылған жағдайда);

жұмысынан айырылған жағдайда – жұмыспен қамту орталығының жұмыссыз ретінде тіркегені туралы.

Ақпараттық жүйелердегі мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты);

оралман статусы бар тұлғалар әлеуметтік төлемдерді тағайындауға жүгінген жағдайда оралманның куәлігі;

тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы немесе ауыл әкімдерінің анықтамасы, Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Ресей Федерациясы Байқоңыр қаласының тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімнің анықтамасы);

банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының не түзеу мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының нөмірі туралы мәліметтер;

балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы қаулы (қаулыдан үзінді көшірме) немесе «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» 2015 жылғы 13 сәуірдегі № 198 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11184 болып

тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес балаға қамқоршылық және қорғаншылық бойынша анықтама;

МӘС-тің құрылымдық бөлімшесі берген жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу туралы анықтама.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғалардан басқа, ай сайынғы табыс төлеушіден көрсетілген айда келіп түскен әлеуметтік аударымдар сомасын әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесіне бөлу және алынған нәтижені жүзге көбейту жолымен мынадай формула бойынша есептеледі:

$AT = \frac{\Theta A a}{S \text{ әа}} \times 100$ , мұндағы:

$\Theta A a$  – бір айдағы әлеуметтік аударымдар;

$S \text{ әа}$  – әлеуметтік аударымдар мөлшерлемесі.»;

мынадай мазмұндағы 34-1-тармақпен толықтырылсын:

«34-1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші болып табылатын жеке тұлғалар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген ай сайынғы кірістер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір ең төменгі жалақы деңгейінде қабылданады:

$ED = 1 \text{ ЕТЖ}$

ЕТЖ – әлеуметтік төлемге құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшері.»;

35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік төлемге құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің елу бес пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta_{Tea} = (OAT - 55\% ETЖ) \times TAK \times Қ\ThetaК \times EAK$ , мұндағы:

$\Theta_{Tea}$  – еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

OAT – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ETЖ – әлеуметтік төлем алуға құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төменгі жалақы;

TAK – табысты алмастыру коэффициенті;

ҚӨК – қатысу өтілінің коэффициенті;

EAK – еңбек ету қабілетінен айырылу коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру, еңбек ету қабілетінен айырылу және қатысу өтілінің коэффициенттері Заңның 21-бабына сәйкес белгіленеді.

36. Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік төлем алуға құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жалақының ең төмен мөлшерінің елу бес пайызын шегеріп, әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін тиісті коэффициенттерге көбейту арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$\Theta_{Taa} = (OAT - 55\% ETЖ) \times TAK \times Қ\ThetaК \times AСК$ , мұндағы:

$\Theta_{Taa}$  – асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем;

OAT – ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының орташа айлық табысы;

ETЖ – әлеуметтік төлемге құқық басталған күнге республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақы;

TAK – табысты алмастыру коэффициенті;

ҚӨК – қатысу өтілінің коэффициенті;

АСК – асырауындағылар санының коэффициенті.

Бұл ретте табысты алмастыру, асырауындағылардың саны мен қатысу өтілінің коэффициенті Заңның 21 және 22-баптарына сәйкес белгіленеді.»;

43 және 44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының пайдасына бір айдың ішінде бір төлеушіден бірнеше рет әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, аталған айға әлеуметтік төлемді есептеу үшін қолданылатын жиынтық табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

44. Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының пайдасына бір айдың ішінде екі және одан да көп төлеушіден әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда, әрбір төлеушіден келіп түскен әлеуметтік аударымдар бойынша ай сайынғы табыс тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде есептеледі, кейін олар жинақталады.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қор филиалы шешімінің негізінде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі:

1) алушының қайтыс болғаны немесе қайтыс болды деп жарияланғаны, баланың (балардың)/асырауындағылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелерден мәліметтерді;

2) әлеуметтік төлемді алушының ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатты бере отырып, әлеуметтік төлемді тоқтату туралы өтінішін;

3) шығу елінің уәкілетті органынан әлеуметтік төлемді алушының ісіне сұрау салу;

4) Қордың әлеуметтік төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін өзгерістер туралы әлеуметтік төлемдерді алушыдан осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламаны;

5) өтініш берушінің әлеуметтік төлемдерді негізсіз тағайындауға әкелген дәйексіз мәліметтер ұсыну фактісі туралы ақпаратты;

6) балаға (балаларға) мемлекеттің толық қамсыздандыруы белгіленгені туралы мәліметті;

алушы еңбек етуге қабілетті деп танылған жағдайда еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайға МӘС бөлімшесінің шешімі шығарған күннен бастап тоқтатылады.»;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының Тізбесіне  
11-қосымша

Мемлекеттік әлеуметтік  
сақтандыру қорынан төленетін  
әлеуметтік төлемдерді тағайындау,  
мөлшерін есептеу (айқындау),  
қайта есептеу, сондай-ақ  
олардың жүзеге асырылу  
қағидаларына  
30-қосымша

Нысан

Коды \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ облысы (қаласы)

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ  
\_\_\_\_\_ облысы (қаласы) бойынша филиалының  
асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің  
мөлшерін арттыру туралы**

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ ШЕШІМІ**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына  
сәйкес 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап \_\_\_\_\_% арттырылсын.

Істің № \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_ жынысы \_\_\_\_\_  
(күні, айы, жылы) (әйел, ер)

Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) \_\_\_\_\_

Асырауындағы адамдардың жалпы саны \_\_\_\_\_

Әлеуметтік төлем тағайындалған күн 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Әлеуметтік төлемді тағайындау кезеңі \_\_\_\_\_

Ай сайынғы әлеуметтік төлемнің жалпы мөлшері 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ қоса алғанда

Негізгі алушыға

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап 20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ теңге мөлшерде

1. Азамат (ша) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) мекен-жайы

а) асырауындағы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туған күні

1) Үлес алушыға \_\_\_\_\_ теңге

Азамат(ша) (ша) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) мекен-жайы

20\_\_ «\_\_» бастап 20\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ теңге

(жазбаша)

а) асырауындағы адамға \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) туған күні

Бөлінген үлес сандары бойынша жалғастырылады

Филиал басшысы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Филиал маманы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Шешімнің жобасын дайындаған:

Мемлекеттік корпорация филиалының директоры

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация филиалының маманы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің бастығы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің маманы

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің міндетін  
атқарушының, Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрінің және Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму  
министрінің міндетін атқарушының  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының Тізбесіне  
12-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрінің  
2016 жылғы 13 қаңтардағы  
№ 15 бұйрығымен  
бекітілген

**Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды  
дербестендірілген есепке алуды және олардың әлеуметтік аударымдары мен  
әлеуметтік төлемдерін жүргізу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды дербестендірілген есепке алуды және олардың әлеуметтік аударымдары мен әлеуметтік төлемдерін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2005 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 12-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және әлеуметтік аударымдар жүргізілген және әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әрбір қатысушы туралы мәліметтерді дербестендірілген есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық талаптар беру бойынша қызметтер мен квазимемлекеттік секторлар субъектілерінің қызметтерін, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық талаптар беру бойынша қызметтер мен квазимемлекеттік секторлар субъектілерінің қызметтерін, сондай-ақ электрондық нысанда табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық талаптар беру бойынша қызметтер мен квазимемлекеттік секторлар субъектілерінің қызметтері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) әлеуметтік аударымдар – өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға, ал асыраушысынан айырылған жағдайда оның асырауында болған отбасы мүшелеріне Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік төлемдер алу құқығын беретін, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін, Заңда белгіленген міндетті төлемдер;

3) әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – әлеуметтік аударымдар төленетін және Заңда көзделген әлеуметтік қатер жағдайлары басталған кезде әлеуметтік төлемдерді алуға құқығы бар жеке тұлға;

4) әлеуметтік төлемдер – әлеуметтік төлемдерді алушының пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жүзеге асыратын төлемдер;

5) әлеуметтік төлемді алушы – әлеуметтік қатер төнгенге дейін Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген не өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам ретінде оларды өзі төлеген және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры оған қатысты әлеуметтік төлемдер тағайындау туралы шешім шығарған жеке тұлға, ал міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің өзі үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген қатысушысы болып табылатын адам

қайтыс болған жағдайда – қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының асырауында болған отбасы мүшелері;

6) дербестендірілген есепке алу – әлеуметтік аударымдар жүргізілген және әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне әрбір қатысушы туралы мәліметтерді есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу;

7) дерекқор – міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің әрбір қатысушысы (алушы) бойынша деректерді қамтитын уәкілетті органның ақпараттық жүйесі;

8) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы болған асыраушысынан айырылған жағдайда, оның асырауындағы отбасы мүшелерін қоса алғанда, олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген және оған қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

9) уәкілетті орган – Қордың қызметіне реттеу, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

## **2-тарау. Әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың және Қордан әлеуметтік төлемді алушылардың дербестендірілген есебін қалыптастыру тәртібі**

3. Әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды дербестендірілген есепке алу мынадай:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);
- 2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 3) туған күні;
- 4) жынысы;
- 5) тұрғылықты мекенжайы;
- 6) жеке басын куәландыратын құжаттың (оралманның куәлігінің) сериясы және нөмірі, құжаттың берілген күні және берген органның атауы;

7) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және берілген күні, азаматтығы өзгергені туралы, азаматтығын өзгерту туралы мәліметтерді қамтиды.

Бұдан басқа, келіп түскен күнін, жіберілген күнін, құжаттың нөмірін, күнін, төлем тағайындау кодын (бұдан әрі – ТТК), жіберушінің атауын, жіберушінің ЖСН/БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі), алушының атауын, төлемнің жалпы сомасын, әлеуметтік аударымдардың сомасын, мәртебесін, әлеуметтік аударымдар жүргізілетін кезеңді (жылы, айы, айлар) көрсете отырып, төленген әлеуметтік аударымдардың және (немесе) өсімпұлдардың сомалары туралы, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтару туралы мәліметтерді қамтиды.

4. Әлеуметтік төлемдерді алушыларды есепке алу дерекқорда есепте тұрған әлеуметтік төлемдер тағайындалған алушылардың жалпы саны бойынша жүргізіледі. Сондай-ақ әлеуметтік төлемдер тағайындалған, бірақ төленбейтін (тоқтатыла тұрған, мерзімі бойынша есептен алынған, бірақ төлемдерді ұзарту туралы шешімдері жоқ) әлеуметтік төлемдерді алушылар есепке алынуға тиіс.

5. Олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды (оның ішінде артық (қате) төленген әлеуметтік аударымдарды қайтару) төлеген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларды, әлеуметтік аударымдарды (оның ішінде қате аударылған әлеуметтік аударымдарды және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдарды қайтару) және әлеуметтік төлемдерді (оның ішінде артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомасын) дербестендірілген есепке алуды Мемлекеттік корпорация тұрақты түрде жүзеге асырады.

6. Әлеуметтік төлемдерді алушыларды есепке алу мынадай:

- 1) жүгінген күн;
- 2) әлеуметтік қатер басталған күн;
- 3) әлеуметтік төлем тағайындау туралы шешімнің күні;
- 4) әлеуметтік төлемнің мерзімі аяқталған күн;



- 5) міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі туралы;
- 6) әлеуметтік аударымдар жүргізілген табыстың орташа айлық мөлшері;
- 7) әлеуметтік төлемнің түрі туралы;
- 8) еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі туралы;
- 9) асырауындағы адамдардың саны туралы;
- 10) жұмыссыз ретінде есепке алуға қою туралы;
- 11) еңбек етуге қабілетсіздік күндерінің саны туралы;
- 12) бала туу кезектілігі туралы;
- 13) тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы;
- 14) жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындалған мерзім туралы деректерді қамтиды;
- 15) келіп түскен күнін, жіберілген күнін, құжаттың нөмірін, күнін, төлем тағайындау кодын (бұдан әрі – ТТК), жіберушінің атауын, жіберушінің ЖСН/БСН (бизнес сәйкестендіру нөмірі), алушының атауын, төлемнің жалпы сомасын, әлеуметтік төлемдердің сомасын, мәртебесін, әлеуметтік төлемдер жүргізілетін кезенді (жылы, айы, айлар) көрсете отырып, аударылған әлеуметтік төлемдер сомалары, сондай-ақ қате аударылған әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару туралы мәліметтерді қамтиды.

#### 7. Мемлекеттік корпорация:

дерекқорға мәліметтерді және өзгерістерді уақтылы енгізеді;

келіп түскен әлеуметтік аударымдардың және (немесе) әлеуметтік аударымдарды уақтылы және (немесе) толық төлемегені үшін өсімпұлдардың сомалары (оның ішінде артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдер сомаларын қайтару) туралы, алушыларға жүзеге асырылған әлеуметтік төлемдер (оның ішінде артық есептелген (төленген) әлеуметтік төлемдерді қайтару) туралы мәліметтерді дербестендірілген есепке алуды қамтамасыз етеді;

дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дерекқорда қамтылған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

«Қаржылық және өзге де есептіліктің тізбесін, нысандарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының оларды ұсыну мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 34 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13192 болып тіркелген) қаржылық және өзге де есептіліктің тізбесіне, нысандарына және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының оларды ұсыну мерзімдеріне сәйкес ай сайын уәкілетті органға міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушылары (алушылар), әлеуметтік аударымдар мен әлеуметтік төлемдер туралы ақпаратты ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің міндетін  
атқарушының, Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрінің және Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму  
министрінің міндетін атқарушының  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының Тізбесіне  
13-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2017 жылғы 3 тамыздағы  
№ 232 бұйрығына  
1-қосымша

**Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы  
жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын  
қалыптастыру қағидалары және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті  
кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру  
туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын қалыптастыру қағидалары және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы

жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін, салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын (бұдан әрі – дерекқор) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) автоматтандырылған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ААЖ) – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі (бұдан әрі – ЖТБТ) – МЗЖ (МКЗЖ) есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалар бойынша «Төлемдерді өндеуді ұйымдастыру» ААЖ-дағы мәліметтер;

5) дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

6) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға Заңға сәйкес салынатын ақша;

7) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлердің пайдасы үшін БЖЗҚ-ға агенттер меншікті қаражаты есебінен аударған ақша;

8) орталық атқарушы орган (бұдан әрі – ОАО) – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) «Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру» ААЖ (бұдан әрі – «ТӨҰ» ААЖ) – МЗЖ, МКЗЖ бойынша төлемдерді қабылдауға, өңдеуге, қалыптастыруға арналған ААЖ.

3. ОАО, БЖЗҚ, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация алынған ақпаратты өздеріне берілген, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-еңбек, сондай-ақ ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамада айқындалған өкілеттіктер шеңберінде өзара іс-қимыл және интеграциялау мақсатында пайдаланады.

## **2-тарау. МЗЖ, МКЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру тәртібі**

4. ЖТБТ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидаларына сәйкес БЖЗҚ-дан алынған МЗЖ (МКЗЖ) есепке алу бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарындағы мәліметтер (бұдан әрі – ЖЗШ) негізінде қалыптастырылады.

5. ЖТБТ әрбір салымшы (алушы) бойынша мынадай:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы, жеке сәйкестендіру нөмірі;

2) жеке басты куәландыратын құжаттың сериясы және нөмірі, көрсетілген құжаттардың берілген күні және оларды берген органның атауы;

4) МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ ашылғаны немесе жабылғаны туралы;

5) салымшының (алушының) деректемелері, мәртебесі өзгергені туралы дербестендірілген деректерді қамтиды.

6. «ТӨҰ» ААЖ күнделікті негізде дерекқорды жаңарта отырып, ЖТБТ қалыптастырады.

7. «ТӨҰ» ААЖ күн сайын салымшылардың (алушылардың) ЖТБТ-дағы дербес деректерін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорындағы мәліметтермен салыстырып тексеруді жүргізеді, айырмашылықтар анықталған жағдайда оларды «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорындағы деректермен сәйкестікке келтіреді.

8. Мемлекеттік корпорацияға МЗЖ төлеу бойынша агенттерден, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардан, сондай-ақ Заңның 39-бабының 2-тармағында көрсетілген жеке тұлғалардан МЗЖ түскен кезде «ТӨҰ» ААЖ күн сайын салымшылардың (алушылардың) дербес деректерін «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорындағы мәліметтермен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салымшылардың (алушылардың) дербес деректері «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорындағы деректерге сәйкес келмеген, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басын (жеке бастарын) куәландыратын қолданыстағы құжат (құжаттар) болған жағдайда Мемлекеттік корпорация агенттер аударған МЗЖ туралы деректерді БЖЗҚ-ға жолдайды.

Салымшылардың (алушылардың) дербес деректері «Жеке тұлғалар» Мемлекеттік дерекқорындағы деректерге сәйкес келмеген, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжат болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорация МЗЖ сомаларын қайтару себебін көрсете отырып оларды агентке қайтарады.

### **3-тарау. Салымшылардың (алушылардың) МЗЖ, МКЗЖ бойынша дерекқорын қалыптастыру тәртібі**

9. Салымшылардың (алушылардың) МЗЖ, МКЗЖ бойынша дерекқоры ЖТБТ негізінде қалыптастырылады және әрбір салымшы (алушы) бойынша мынадай деректерді қамтиды:

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі;
  - 2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы;
  - 3) жеке басты куәландыратын құжаттың түрі, сериясы, нөмірі, берілген күні және берген орган;
  - 4) ЖЗШ ашылған күнін көрсете отырып, МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ-ның ашылғаны туралы ақпарат;
  - 5) МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ-ның жабылу себебі мен күнін көрсете отырып, ЖЗШ-ның жабылуы туралы ақпарат;
  - 6) аударылған МЗЖ, МКЗЖ және (немесе) өсімпұлдар сомасы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес оларды қайтару туралы ақпарат;
  - 7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдеріне сәйкес агенттің атауы мен деректемелерін қоса алғанда, МЗЖ, МКЗЖ төлеу жөніндегі агенттер туралы ақпарат;
  - 8) салымшының (алушының) дербес деректерінің өзгергені туралы ақпарат;
  - 9) салымшының (алушының) мәртебесі өзгергені туралы ақпарат.
  - 10) салымшының (алушының) туған жері, тұрғылықты жерінің мекенжайы, азаматтығы.
10. Салымшының (алушының) дербес деректері өзгергені туралы мәліметтерді БЖЗҚ-ға беру ЖТБТ-ға өзгерістерді енгізген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында жасалатын ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-ларының өзара іс-қимылы туралы келісімде айқындалған электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-мен бірлесіп бір салымшыда (алушыда) МЗЖ-ны есепке алу бойынша бір ЖЗШ-ның және (немесе) МКЗЖ-ны есепке алу бойынша бір ЖЗШ-ның болуын қамтамасыз етеді.



Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің міндетін  
атқарушының, Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау және әлеуметтік  
даму министрінің және Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму  
министрінің міндетін атқарушының  
өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін кейбір  
бұйрықтарының Тізбесіне  
14-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрінің  
2017 жылғы 3 тамыздағы  
№ 232 бұйрығына  
2-қосымша

**Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының  
ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша  
қозғалыстар туралы ақпарат алмасу қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы ақпарат алмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 8) тармақшасына, 34-бабы 9-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыс туралы ақпаратпен алмасу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі – халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, халықты жұмыспен қамтудың жергілікті органдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтарының, еңбек ресурстарын дамыту орталығының қызметін автоматтандыруға және әлеуметтік-еңбек саласында халыққа мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну мақсатында ведомствоаралық өзара іс-қимылға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) дербес деректер – мәліметтер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген сол мәліметтер;

5) жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі (бұдан әрі – ЖТБТ) – Мемлекеттік корпорация МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастыратын зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімі;

6) Келісім – ақпараттық өзара іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында жасалатын орталық атқарушы орган мен БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылы туралы келісім;

7) міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға Заңға сәйкес салынатын ақша;

8) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МКЗЖ) – еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын, кәсіптері өндірістердің, жұмыстардың, жұмыскерлер кәсіптерінің тізбесінде көзделген жұмыскерлердің пайдасы үшін БЖЗҚ-ға агенттер меншікті қаражаты есебінен аударған ақша;

9) орталық атқарушы орган (бұдан әрі – ОАО) – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. ОАО, БЖЗҚ, сондай-ақ Мемлекеттік корпорация алынған ақпаратты өздеріне берілген, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-еңбек, сондай-ақ ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнамада айқындалған өкілеттіктер шеңберінде өзара іс-қимыл және интеграциялау мақсатында пайдаланады.

**2-тарау. Орталық атқарушы орган мен бірыңғай  
жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында  
жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы  
ақпаратпен алмасу тәртібі**

4. ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында ақпарат алмасу Келісімнің негізінде еркін нысанда жүзеге асырылады.

5. ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында алмасуға мынадай:

1) МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ашылған және жабылған жеке зейнетақы шоттары;

2) түскен (қайтарылған) МЗЖ, МКЗЖ және (немесе) өсімпұл сомасы туралы;

3) салымшылардың (алушылардың) дербес деректері өзгергені туралы;

4) МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының сомалары туралы және мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін есептеу кезінде қажет БЖЗҚ-дан алушыға жүргізілген бірінші зейнетақы төлемінің күні туралы (сұрау бойынша беріледі);

5) сақтандыру ұйымына аударылғаннан кейін зейнетақы жинақтарының қалдық сомасы туралы және сақтандыру ұйымына аударылған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейінгі зейнетақы жинақтарының сомасы туралы;

6) салымшының (алушының) мүгедектік тобын, белгіленген күнін және мерзімін мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында растау туралы;

7) МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының сомалары, есепті күнге есептелген инвестициялық табыс сомалары туралы;

8) БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударылған зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдардың мөлшерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

9) ОАО-ның салымшыларға (алушыларға) жәрдемақыларды тағайындау негіздері туралы (салымшыда (алушыда) зейнетақы төлемдеріне салық салу кезінде стандартты салық шегерімдерін қолдану құқығы болған кезде);

10) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті Мемлекеттік корпорацияда тіркеген зейнетақы жинақтары бар зейнетақы төлемдерін алушылар туралы ақпарат жатады.

6. Осы Қағидалардың 4-тармағында айқындалған мәліметтерді беру Келісімге сәйкес электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.

7. ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында айқындалған мәліметтермен алмасу күнделікті негізде жүзеге асырылады.

8. БЖЗҚ күн сайын Астана қаласының ағымдағы күнгі уақыты бойынша 23 сағат 30 минуттан кешіктірмей ОАО ААЖ-ға осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді жібереді.

ОАО ААЖ мәліметтер түскен күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей БЖЗҚ-ға мәліметтерді алғаны туралы электрондық хабарламаны және жіберілген (алынған) мәліметтер бойынша салыстырып тексеру хаттамасын (бұдан әрі – Хаттама) жолдайды.

ЖТБТ-да зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жөніндегі мәліметтерді толықтырудан бас тартылған жағдайда Хаттамада бас тарту себебі көрсетіле отырып зейнетақымен қамсыздандыру туралы өзектендірілмеген шарттар бойынша ақпарат қамтылуға тиіс.

9. Осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді беру ЖТБТ-ға өзгерістер енгізілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей Келісімге сәйкес ОАО ААЖ-дан БЖЗҚ-ға жүзеге асырылады.

БЖЗҚ салымшының (алушының) дербес деректерінің өзгергені туралы мәліметтерді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей БЖЗҚ ААЖ-ға өзгерістер енгізеді.

Жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында олардың ОАО ААЖ-дағы мәртебелерін ескере отырып салымшылардың (алушылардың) дербес деректерінің сәйкес келуіне салыстырып тексеру жүргізіледі.

10. БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациядан сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидалардың 5-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді ұсынады.

11. Осы Қағидалардың 5-тармағының 7) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді ОАО ААЖ-ға беруді БЖЗҚ әр тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен (он бесі) кешіктірмей Келісімде белгіленген форматта жүзеге асырады.

12. Мемлекеттік корпорация осы Қағидалардың 5-тармағының 7) тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде есепті тоқсаннан кейінгі айдың 1-күніне инфляцияның деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген МЗЖ, МКЗЖ сомасы мен БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырма туралы мәліметтерді, соның ішінде ағымдағы жылы Заңның 11-бабы 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа толатын және БЖЗҚ-да МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар бойынша ақпаратты қалыптастырады және ОАО-ға ұсынады.

13. Осы Қағидалардың 5-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді БЖЗҚ ОАО ААЖ-ға күн сайын Келісімде белгіленген нысанда береді.

---

14. Осы Қағидалардың 5-тармағының б), 10) және 11) тармақшаларымен белгіленген ОАО ААЖ-мен БЖЗҚ арасындағы мәліметтер алмасу Келісімде белгіленген форматта және мерзімде жүзеге асырылады.